	«Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
	САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
	Іс-қимыл тәртібі туралы ереже

БЕКІТЕМІН
«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректоры
_____ Байболова Л.К.
«26» 08 2026 ж.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (MINOR)
ҚАЗТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-17

КЕЛІСІЛДІ
«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
АСЖ Проректор
_____ Аскарбеков Э.Б.
«26» 08 2026 ж.

Астана, 2026

Нұсқа: 2,0	**БД: БББ**	**«ЭҚА» бойынша**	**Тіркеу № 01-4-1**

АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ережені «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Білім беру бағдарламалары басқармасы әзірледі.

Осы Ережені титтул парағында Ректор өзінің қолымен бекітеді.

Осы Ереже оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Ережені мерзімді тексеруді ББББ басшысы 3 жылдан аспайтын аралықпен жүзеге асырады.

Осы Ережеге өзгерістер оны «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Осы Ережемен басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге ББББ басшысы жауапты.

2025 жылғы 18 маусымда бекітілген, 01 нұсқасы бар «Қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже (Minor)» ҚазТБУ-БББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-17 күші жойылды деп есептелсін.ру бағдарламасы туралы ереже (Minor)» құжатының күші жойылды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

1 Қолданылған қысқартулар мен белгілер	4
2 Жалпы ережелер және рәсімнің сипаттамасы	4
3. Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) туралы ережені іске асыру механизмі	5
4 Жауапкершілік және өкілеттік	6
5 Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу әрекеттері	7
6 Құпиялылық	7
Қосымша Білім беру бағдарламалары каталогының нысаны (Minor) Н. ББББ 8.3/8.1-2026-17-01 (міндетті)	8
Келісу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)	10
Танысу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)	10
Тіркеу өзгерістерінің парағы Н. СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)	11
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)	11

1. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Қысқартулар	Толық атауы
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ, Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-17	Қосымша білім беру бағдарламасы туралы ереже (Minor)
ІҚТТЕ	Іс-қимыл тәртібі туралы ереже
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесінің
МЖМБС ҚР	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
БП	Базалық пәндер
ЖК	Жоғары оқу орны компоненті
ББ	Білім беру бағдарламасы
ПОҚ	Профессорлық-оқытушылық құрам
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ТК	Таңдау компоненті
ӘБ	Әдістемелік бөлім
БББ	Білім беру бағдарламаларын басқару

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1 Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ (бұдан әрі – Университет) қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) әзірлеу және іске асыру процедурасын белгілейді, сондай-ақ оларды ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды айқындайды.

2.2 Осы Ереже Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) әзірлеу, келісу, бекіту, іске асыру және өзектендіру процедурасына қатысатын құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

2.3. Ереже СМЖ талаптарына сәйкес Университетте қабылданған құжаттама жиынтығына кіреді.

2.4. Осы Ереже қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) әзірлеу мен іске асырудың бірыңғай процедурасын қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне сәйкес даярлау бағыттары бойынша мамандардың қосымша құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

2.5. Қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) мақсаттары:

2.5.1. Түлектің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2.5.2. Екі білім беру бағдарламасы – негізгі (Major) және қосымша (Minor) бағдарламалардың тоғысқан жеріндегі іргелес салада жұмыс істеу немесе еңбек нарығында қалыптасу мүмкіндігі.

2.6. Қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) міндеттері:

2.6.1. Білім беру сапасын және кәсіби дағдыларды игеру тиімділігін арттыру;

2.6.2. Түлектердің бәсекеге қабілетті еңбек нарығында жұмысқа орналасуына барынша мүмкіндіктер беру үшін жағдай жасау;

2.6.3. Білім алушылардың дайындық бағытын еркін таңдау мүмкіндігімен білім беру кредиттік технологияларын іске асыру;

2.6.4. Қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың Еуропа өңірінде және одан әрі конвертациялануын (танылуын) қамтамасыз ету;

2.6.5. Білім алушылардың ішкі және халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;

2.6.6. Білім беру нарығында Университеттің беделін нығайту.

2.7. Осы Ереженің талаптары Университеттің бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларына, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) әзірлеу, келісу, іске асыру және сүйемелдеу процедурасына қатысатын құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғаларға қолданылады.

2.8. Осы Ереже шеңберіндегі қызметті үйлестіруді мыналар жүзеге асырады:

2.8.1. Университетте – Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор;

2.8.2. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінде – бөлімше басшылары (факультет декандары, кафедра меңгерушілері, бөлім басшылары).

2.9. Ереже Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қызметінің құқықтық шарттары, халықаралық келісімдер және Университетте қолданылатын білім беру саласындағы нормативтік база өзгерген кезде нақтылануы, толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

3. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ (MINOR) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ

3.1. Университет білім алушылары Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ІНҚ) қайшы келмеген жағдайда, осы Ережеге сәйкес аталған бағдарламаға қатысуға құқылы.

3.2. Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) шеңберінде білім алушылар негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді тіркеу және жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыру кезінде қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) пәндер каталогынан пәндерді таңдау арқылы тіркеледі.

3.3. Қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) пәндер каталогы Университет деңгейінде қалыптастырылады және Университет сайтында орналастырылады. Білім алушылар (Minor) пәндерінің сипаттамасымен мұқият танысып, қажет болған жағдайда оған тіркелуі қажет. Қажет болса, білім алушы эдвайзер мен кафедра меңгерушісінен кеңес ала алады.

3.4. Білім алушылар Университет кафедралары ұсынған қосымша білім беру бағдарламасын (Minor) таңдау құқығында еркін. Кәсіби құзыреттіліктерді арттыру, негізгі құзыреттіліктерге тереңірек ену мақсатында білім алушы өз білім беру бағдарламасының (Minor) пәндерін де таңдай алады. Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) бойынша таңдалатын пәндер көлемін Университет дербес белгілейді. Бұл ретте, Minor пәндерін білім алушылар таңдау компоненті (ТК) және жоғары оқу орны компоненті (ЖООК) шеңберінде оқиды. ТК және ЖООК Университетпен дербес айқындалады және еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің күтулерін және білім алушының жеке мүдделерін ескереді.

3.5. **Minor бағдарламасының ерекшеліктері:**

3.5.1. Бакалавриат бағдарламасы бойынша оқудың бірінші курсының соңында барлық студенттерге таңдау үшін ұсынылады;

3.5.2. Әрбір студент оқу үшін бір Minor-ды таңдай алады;

3.5.3. Minor бакалавриаттың екінші және үшінші курстарында оқылады;

3.5.4. Бірізді немесе қатар оқылатын үш пәннен тұрады;

3.5.5. Еңбек сыйымдылығы 15 кредит (әр пәннің еңбек сыйымдылығы – 5 кредит);

3.5.6. Еңбек сыйымдылығы білім беру бағдарламасының негізгі бөлігіне кіреді (Minor пәндері үшін кредиттер негізгі бағдарламаның 240 кредитіне кіреді);

3.5.7. Әрбір білім беру бағдарламасының білім алушысы эдвайзердің қолдауымен дербес таңдайды;

3.5.8. Таңдалған Minor бағдарламасына қатысты пәндер ғана оқылады.

3.6. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша жеке оқу жоспарын дұрыс қалыптастыру мақсатында студент оқу траекториясын эдвайзермен, сондай-ақ басқа білім беру бағдарламасына жетекшілік ететін кафедра меңгерушісімен келісуге міндетті. Эдвайзер қосымша білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндерді таңдаған студенттің жеке оқу

жоспарын, таңдалған пәндер тізімін басқа білім беру бағдарламасына жетекшілік ететін кафедра меңгерушісімен келіскеннен кейін ғана растайды.

3.7. Білім алушы қосымша оқу ақысы есебінен қосымша дағдылар мен білімдерді игеру үшін оқу бағдарламасының қолданылу кезеңінде қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) бойынша қосымша кредиттерге (артық кредиттерге) тіркелуге құқылы.

3.8. Төлем мөлшері тіркелген пәндердің кредит санына және төлем жасалған сәтте Университеттің ІНҚ-мен белгіленген бір кредиттің құнына қарай айқындалады. Білім беру қызметтерінің шарттары мен шығындарын елеулі түрде өзгертетін, еңбекақы төлеу шығындарын және инфляция индексін арттыратын нормативтік актілер шыққан жағдайда, оқу құны өзгертілуі мүмкін, бірақ жылына бір реттен артық емес.

3.8.1. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқу ақысы тек байланыс кредиттері үшін төленеді.

3.8.2. Егер топтағы білім алушылар саны қажетті мөлшерге (15 және одан да көп адам) жетсе, білім алушылар жеке топта оқиды. Егер он бес білім алушыдан аз болса, олар дайындықтың қажетті бағыты бойынша жұмыс істеп тұрған топтарға бөлінеді.

3.9. Білім алушы оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін Ереженің талаптарын меңгерген жағдайда, қосымша білім беру бағдарламасын (Minor) меңгеруі белгіленген нысанға сәйкес транскриптке енгізіледі.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК

4.1 Осы Ереже талаптарын әзірлеуді, өзектендіруді және іске асыруды ұйымдастыруға жауапкершілікті белгіленген өкілеттіктер шегінде қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) әзірлеуге, келісуге, бекітуге және іске асыруға қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшылары көтереді.

4.2 Құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін бөлу:

Бөлімше	Өкілеттіктер
Әдістемелік кеңесі	Қосымша білім беру бағдарламаларын бекіту (minor)
Факкультет кеңесі	Қосымша білім беру бағдарламаларын келісу (minor) қарау және келісу
ББББ басшысы	Осы Ережені өзектендіру және қайта қарау; Қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) әзірлеу, келісу, бекіту және өзектендіру процесін үйлестіру; Қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) әзірлеу процесінің САЖ (СМК) талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.
ББББ (әдістемелік бөлім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі)	Қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) әзірлеуді әдістемелік сүйемелдеу; Қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) әзірлеудің нормативтік құжаттар талаптарына және бекітілген нысандарға сәйкестігін тексеру; Қосымша білім беру бағдарламаларына (Minor) мониторинг пен тексеру жүргізу.
Кафедра	Қосымша білім беру бағдарламаларын (minor) әзірлеу; Қосымша білім беру бағдарламаларының (Minor) мазмұнын қалыптастыру; Қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) өзектендіру бойынша ұсыныстар енгізу; Бекітілген қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) Университет сайтында орналастыру.
Қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) өзектендіруді ұйымдастыруға жауапты тұлға	Қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) дайындау мен өзектендіруді ұйымдастыру; Қосымша білім беру бағдарламаларының (Minor) толық рәсімделуін және қажетті келісімдердің болуын қамтамасыз ету; Қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) белгіленген

	мерзімде ББББ ұсыну; Қосымша білім беру бағдарламаларының (Minor) нормативтік құжаттар мен осы Ереже талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

5. ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ӘРЕКЕТТЕРІ

5.1 Тәуекелдер мыналарға байланысты:	5.2 Тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-әрекеттер:
• Қосымша білім беру бағдарламаларының (Minor) нормативтік талаптарға сәйкес келмеуі; • Қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) уақтылы әзірлемеу және өзектендірмеу; • Еңбек нарығының және білім алушылардың қажеттіліктерін жеткіліксіз ескеру.	• Заңнама және ішкі құжаттар талаптарына сәйкестігін тексеру; • Әзірлеу және қайта қарау мерзімдерін бақылау; • Еңбек нарығының талаптарын талдау және мүдделі тараптардың ұсыныстарын ескеру.

6. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

6.1 Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудитін жүргізу кезінде сертификаттау органдарының сарапшыларына, «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Ректорының рұқсатымен тұтынушы-серіктестерге ұсынуды қоспағанда, басқа тараптарға ұсынылуға тиіс емес

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ КАТАЛОГЫНЫҢ НЫСАНЫ (MINOR)

Н. ББББ 8.3/8.1-2026-17-01 (міндетті)

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ (MINOR)

_____

Білім беру бағдарламасының коды мен атауы

Астана-20__

Алғы сөз

«_____» қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) 20___ жылғы «____» _____ Академиялық сапа жөніндегі кеңес отырысында мақұлданданған, хаттама № ___
Төраға _____ _____
Аты-жөні, тегі *Қолы*

«_____» қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) 20___ жылғы «____» _____ «_____» факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының отырысында келісілген, хаттама №____
Төраға _____ _____
Аты-жөні, тегі *Қолы*

«_____» қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) 20___ жылғы «____»_____ «_____» кафедрасының отырысында әзірленген және талқыланған, хаттама №____
Кафедра меңгерушісі _____ _____
Аты-жөні, тегі *Қолы*

Мазмұны

1 Қосымша білім беру бағдарламасының сипаттамасы (Minor) *бет*
2 Қосымша білім беру бағдарламасының мақсаты (Minor)
3 Қосымша білім беру бағдарламасының міндеттері (Minor)
4 Қалыптастырылатын құзыреттіліктер
5 Пәндер каталогы

---

1 Қосымша білім беру бағдарламасының сипаттамасы (Minor): *арналуы, маңыздылығы, дәлелдемесі*

2 Қосымша білім беру бағдарламасының мақсаты (Minor):

3 Қосымша білім беру бағдарламасының міндеттері (Minor):

4 Қалыптастырылатын құзыреттіліктер:

5 Пәндер каталогы

№	Пәннің атауы	Кредитер
	Minor	
1		5
2		5
3		5

Пәннің атауы:

Қысқаша сипаттама: *Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің индикаторы ретінде пәннің мазмұнын ашу қажет. Пәннің сипаттамасында қандай да бір анықтамалар, дәрістерден, оқулықтардан үзінділер және т.б. болмауы тиіс.*

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Оқыту нәтижелері: *Пәнді сәтті аяқтағаннан кейін білім алушы не істей білуі керек?*

Сабақ түрлері:

Бақылау формасы:

Н. СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Күні	Қолы
СДД басшысы	Оразалина Д.К.	25.08.2026	
ББББ басшысы	Баядилова Б.М.	25.08.2026	
СМЖБ басшысы	Эрнст А.С.	25.08.2026	
ОБ басшысы	Дігарбаева Б.М.	25.08.2026	
ТФ деканы	Сафуани Ж.Е.	25.08.2026	
ИжАТФ деканы	Серимбетов Б.А.	25.08.2026	
ЭжБФ деканы	Мақыш М.К.	25.08.2026	
ӘБ басшысы	Саду Ж.Н.	25.08.2026	

Н. СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Күні	Қолы

Н. СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)

ТІРКЕУ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ПАРАҒЫ

Өзгеріс номері	Хабарлама номері	Парақтар (беттер) нөмірі				Барлық парақтар	Өзгерістер енгізілген күні	Өзгерістер енгізген адамның аты-жөні	Өзгерістер енгізген адамның қолы
		Өзгертулер	Ауыстырылған	Жаңа	Жойылған				

Н. СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)

МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРУЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді жүргізген адамның аты-жөні	Тексеруді жүргізген адамның қолы	Ескертулердің тұжырымдамасы